

Күршім ауданы Қалжыр ауылдық округінің Оң-жақ-Қалжыр ауылына шектеу іс-шарасын белгілеу туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Қалжыр ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2019 жылғы 29 мая № 5976 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Қалжыр ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 19 наурыздағы № 3 шешімімен

Сноска. Утратило силу решением акима Калжырского сельского округа Курчумского района Восточно-Казахстанской области от 19.03.2020 № 3 (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после его первого официального опубликования). В РҚАО - ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес және Күршім аудандық аумақтық бас мемлекеттік ветсанинспекторының 2019 жылғы 19 сәуірдегі №345 ұсынысы негізінде, Қалжыр ауылдық округі әкімі ШЕШТІ:

1. Қалжыр ауылдық округінің Оң-жақ-Қалжыр ауылының мүйізді ірі қара малдарының арасынан сарып ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Қалжыр ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешімнің мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Күршім ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Күршім ауданы әкімдігінің интернет - ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалжыр ауылдық округінің әкімі

Б. Мукушев